

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ
Директорлар кеңесі ішкі отырысының
2017 жылғы 31 шілдедегі № 141 шешіміне
қосымша

**«САМУРЫҚ-ҚАЗЫНА» ҰЛТТЫҚ ӘЛ-АУҚАТ ҚОРЫ» АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ ЖӘНЕ ДАУЫС БЕРЕТІН АКЦИЯЛАРЫНЫҢ (ҚАТЫСУ
ҮЛЕСТЕРІНІҢ) ЕЛУ ПАЙЫЗДАН АСТАМЫ ТІКЕЛЕЙ НЕМЕСЕ
ЖАНАМА ТҮРДЕ «САМУРЫҚ-ҚАЗЫНА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНА
МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫНДА ТИЕСІЛІ ҰЙЫМДАРДЫҢ АКТИВТЕРДІ
ӨТКІЗУДІҢ, ҚАЙТА ҚҰРЫЛЫМДАУДЫҢ
БІРЫҢҒАЙ ҚАҒИДАЛАРЫ
(жаңа редакцияда)**

Нұсқасы: 2.0

Иеленуші: Активтерді жекешелендіру және қайта құрылымдау
департаменті

Әзірлеуші: Құрманбаев Ә.С.

МАЗМҰНЫ

1-бөлім. Жалпы ережелер.....	3
1-тарау. Терминдер және анықтамалар.....	3
2-тарау. Қорға тікелей тиесілі Активтерді өткізу, қайта құрылымдау тәртібі.....	7
3-тарау. Салалық компанияларға/Компанияларға тиесілі Активтерді өткізу, қайта құрылымдау тәртібі.....	9
4-тарау. Бірыңғай оператордың өкілеттіктері және функциялары.....	15
5-тарау. Тәуелсіз консультанттың өкілеттіктері және функциялары.....	16
 2-бөлім. Активтерді өткізудің, қайта құрылымдаудың тәсілдері және түрлері.....	17
1-тарау. Сауда-саттықтар өткізудің, Активтерді қайта ұйымдастырудың тәртібі туралы жалпы ережелер.....	17
2-тарау. Аукцион.....	22
3-тарау. Электрондық конкурс.....	23
4-тарау. Екі кезеңдік ашық конкурс	23
5-тарау. Тікелей атаулы сату.....	27
 3-бөлім. Қорытынды рәсімдер.....	28
1-тарау. Шарт жасасу рәсімі.....	28
2-тарау. Өзге де рәсімдер.....	30
3-тарау. Қағидалардың нормаларын бұзғаны үшін жауапкершілік...	30
Қосымша	

Осы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамына меншік құқығында тиесілі ұйымдардың активтерді өткізудің, қайта құрылымдаудың бірыңғай қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген және Активтерді сауда-саттықта немесе тікелей атаулы сату жолымен өткізудің, қайта құрылымдаудың, сондай-ақ қайта ұйымдастыру немесе тарату нысанында қайта құрылымдау тәртібін және шарттарын реттейді.

Шетелдік юрисдикцияларда тіркелген Активтерді өткізуге, қайта құрылымдауға қатысты осы Қағидалар қолданыстағы шетел заңнамасының міндетті талаптарын ескере отырып қолданылады.

1-бөлім. Жалпы ережелер

1-тарау. Терминдер және анықтамалар

1) Актив – Қазақстан Республикасының Үкіметі Қордың бекітуіне ұсынатын осы Қағидаларға сәйкес шеттетілетін (қайта ұйымдастырылатын немесе таратылатын) Салалық компанияның/Компаниялардың немесе Қордың өткізуіне, қайта құрылымдауына жататын Активтердің Тізбесіне (Тізбелеріне) енгізілген заңды тұлғалардың Қорға немесе Салалық компанияға/Компанияларға меншік құқығында тиесілі акциялары және қатысу үлестері;

2) Аукцион – электрондық форматта Жүйені пайдалана отырып өткізілетін және онда сатушы Аукционның затын біршама жоғары баға ұсынған Аукцион қатысушысына сатуға міндеттенетін Сауда-саттықтар түрі. Аукцион Активті меншіктенуші жариялаған бағадан жоғары немесе төмен баға беру талабымен өткізілуі мүмкін;

3) Шарт – осы Қағидаларда және Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қағидаларға қарама-қайшы келмейтін өзге де құжаттарда көзделген рәсімдердің нәтижелері бойынша жасалатын, Салалық компанияның/Компанияның өткізілетін Активті Сатып алушының пайдасына иеліктен шығаруы туралы азаматтық-құқықтық шарт;

4) Бірыңғай оператор – Қор Басқармасының шешімімен уәкілеттік берілген, Холдингтің құрамына кіретін, осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен Салалық компанияларға/Компанияларға тиесілі Активтерді өткізуге, қайта құрылымдауға байланысты қызметті мониторингілеу мен талдауды жүзеге асыратын ұйым;

5) Сауда-саттық туралы хабарлама – қандай да бір тәсіл пайдаланыла отырып жіберілген немесе жарияланған, осы Қағидаларда көзделген мәліметтерді қамтитын Сауда-саттықтың өткізілетіні туралы ресми хабарлама;

6) Салалық компанияның Комиссиясы – құрамы тиісті Салалық компанияның бірінші басшысының шешімімен бекітілетін, Салалық компанияның/Компанияның Активтерін өткізуге, қайта құрылымдауға қатысты осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен шешім қабылдайтын, сондай-ақ осы процесті үйлестіретін және бақылайтын алқалы орган;

7) Консультанттарды іріктеу жөніндегі комиссия – Салалық компанияның/Компанияның Активтеріне қатысты функцияларды Салалық компанияның Комиссиясы жүзеге асыратын Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты Жобалау офисі функциясын жүзеге асыратын тәуелсіз консультанттарды тарту мәселелері жөніндегі алқалы орган;

8) Компания – Холдингінің құрамына кіретін ұйым немесе Активті меншік құқығында иеленетін, осындай Активті сату (өткізу), қайта құрылымдау туралы шешім қабылдауға құқылы Қор;

9) Конкурс – Сауда-саттық тәсілі (оның ішінде Екі кезеңдік ашық конкурс), ол кезінде Сауда-саттықтың жеңімпазы сатып алу бағасы туралы талапты қамтитын Активті сатып алу талаптарының кешенді ұсынысын қамтитын конкурсты өткізу кезінде Конкурстық ұсыныстарды және Конкурстық өтінімді салыстыру негізінде анықталады;

10) Конкурстық өтінім – Сауда-саттық туралы хабарламаға, Актив жөніндегі құжаттама пакетіне және Салалық компания (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қор (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) берген өзге де мәліметтерге сәйкес жасалған Конкурсты өткізу шеңберінде қатысушыларды Сауда-саттыққа жіберу туралы шешім қабылдауы үшін Қатысушы ұсынатын Активті сатып алу талаптарының кешенді сипаттамасын қамтитын құжаттар пакеті;

11) Конкурстық ұсыныс – Сауда-саттық туралы хабарламаға, Актив жөніндегі құжаттама пакетіне және Салалық компания (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қор (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) берген өзге де мәліметтерге сәйкес жасалған Конкурсты өткізу шеңберінде Қатысушы ұсынатын, сатып алу бағасы туралы талапты қосқанда, Активті сатып алу талаптарының сипаттамасын қамтитын ұсыныс;

12) Активтерді шоғырландырып өткізу – Салалық компанияның немесе Компанияның бірнеше Активтерді пакеттік сатуы, олардың шоғырландырылған қаржылық есептілігі акциялары (қатысу үлестері) Салалық компанияға немесе Компанияға меншік құқығында тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымдардың Активтерін қамтиды;

13) Мүдделер қақтығысы – Салалық компания және/немесе Қор қызметкер(лер)інің және Тәуелсіз консультанттың жеке мүдделері оның (олардың) шешімдер қабылдауға қатысуы кезінде әділдігіне әсер етуі мүмкін жағдай;

14) Ең төмен баға – Активтерді өткізуге, қайта құрылымдауға жауапты Қор бөлімшесінің ұсынымын ескере отырып, Қор Басқармасының шешімімен (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) немесе тәуелсіз бағалаушының Қазақстан Республикасының заңнамасына және халықаралық бағалау стандарттарына сәйкес тәуелсіз консультанттар тарту арқылы бастапқы бағасы анықталатын Активтердің немесе Активтің орналасқан орны бойынша бағасын айқындауды реттейтін заңнамаға сәйкес дайындалған тәуелсіз бағалаушының бағасы туралы есепті ескере отырып, ең төмені баға ретінде белгіленген Салалық компания Комиссиясының ұсынысын (Салалық компанияға немесе Компанияға тиесілі Активтерге қатысты) ескере отырып, Салалық компанияның уәкілетті органының шешімімен белгіленетін Актив бағасы;

15) Бастапқы баға – Активтерді өткізуге, қайта құрылымдауға жауапты Қор бөлімшесінің ұсынымын ескере отырып, Қор Басқармасының шешімімен (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) немесе Активтің орналасқан орны бойынша бағасын айқындауды реттейтін заңнамаға немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дайындалған бағалау туралы есепті ескере отырып, Салалық компания Комиссиясының ұсынысын ескере отырып, бастапқы баға ретінде белгіленген Салалық компанияның уәкілетті органының шешімімен (Салалық компанияға немесе Компанияға тиесілі Активтерге қатысты) белгіленетін Актив бағасы;

16) Тәуелсіз консультант – әлеуметтік-экономикалық маңызы бар, оларды иелену және (немесе) пайдалану және (немесе) оларға билік ету Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігінің жағдайына әсер ететін өткізілетін Активтің нарықтық құнына бағалау жүргізу мақсатында, Қорға немесе Салалық компанияға Активтерді сату алдында дайындау және оларды сату, Қор немесе Салалық компанияның тапсырмасы бойынша ұсынымдар әзірлеу және беру, сондай-ақ өзге де жұмысты ұйымдастыру және жүргізу бойынша консультациялық қызметтер көрсету үшін Салалық компания немесе Қор немесе сенімгерлікпен басқарушы тартатын заңды тұлға, оның ішінде шетелдік тұлғалар немесе олардың бірлестіктері, бағалау және (немесе) инвестициялық қызметке және (немесе) қаржылық консультация беруге қатысушылар;

17) Қамтамасыз ету – Сауда-саттыққа қатысуға өтінішті және Сауда-саттықтар туралы хабарламаға сәйкес Сауда-саттыққа қатысуға үміттенетін тұлға енгізетін Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету;

18) Жүйе операторы – Жүйенің техникалық жай-күйіне жауап беретін және Активтерді өткізу жөніндегі Аукциондар мен Электрондық конкурстарды өткізу үшін оған қол жетімділік беретін ұйым;

19) Екі кезеңдік ашық конкурс – Конкурсқа қатысуға үміткер тұлғаның белгілі бір біліктілік талаптарына сәйкестігін жеке және егжей-тегжейлі қарау көзделетін, оған қатысуға өтінімді адамдардың шектелмеген тобы бере алатын Конкурстың түрі, оның кезінде Сауда-саттықтың жеңімпазы сатып алу бағасы туралы шартты қоса Активті сатып алу шарттарының кешенді ұсынысын қамтитын Конкурстық ұсыныстарды және Конкурстық өтінімді салыстыру негізінде анықталады;

20) Салалық компания – дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы Қорға тікелей тиесілі және өткізуге, қайта құрылымдауға жататын Компанияның дауыс беретін акциялары (қатысу үлестері) меншік құқығында тікелей немесе жанама түрде тиесілі не сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлға;

21) Тізбелер – Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітуге ұсынылатын Активтердің тізбесі. Бұл ретте әлеуметтік-экономикалық маңызы бар, оларды иелену және (немесе) пайдалану және (немесе) оларға билік ету Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігінің жағдайына әсер ететін Активтерге және өзге де Активтерге бөлінген Активтердің тізбесін Қор Басқармасы (және қажет болған кезде одан әрі Қор Директорлар кеңесінің келісімімен) бекітеді.

22) Сатып алушы – Активті Шарттың негізінде сатып алатын жеке тұлға немесе заңды тұлға не коммерциялық қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылған осындай заңды тұлғалардың бірлестігі (консорциум, одақ және т.б.);

23) Жобалау офисі – Қор Басқармасы ережесін бекітетін, қорытындылар түрінде Активтерді өткізу мәселелері бойынша Қордың уәкілетті органдарына ұсыныстар әзірлеу және қарау үшін құрылған алқалық консультативтік-кеңесу органы;

24) Тікелей атаулы сату – осы Қағидаларда көзделген жағдайларда Салалық компанияның немесе Қордың шешімі бойынша Сауда-саттық өткізбестен немесе Сауда-саттық өткізілгеннен кейін Активті Сатып алушының пайдасына өткізу нысаны;

25) Электрондық сауда-саттық өткізу регламенті – Жүйе Операторы бекіткен мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында мүлікті сату бойынша электрондық сауда-саттық өткізу регламенті;

26) Жүйе – Қор Басқармасы белгілеген ақпараттық жүйе, осы Қағидаларға және Электрондық сауда-саттық өткізу регламентіне сәйкес Аукционды және Электрондық конкурсты ұйымдастыру және өткізу үдерістерін автоматтандыруды қамтамасыз ететін, Интернет желісінде: www.gosreestr.kz мекенжайында орналастырылған мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталы – интернет ресурсы;

27) Сауда-саттық – осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен саны шексіз тұлғалардың арасынан Сатып алушыны айқындауды болжайтын осы Қағидаларда көзделген тәсілдермен Активті өткізу нысаны;

28) Қатысушы – Сауда-саттықтың өткізілуі нысанына қарамастан, оған қатысу үшін белгіленген тәртіппен тіркелген жеке немесе мемлекеттік емес заңды тұлға не коммерциялық қызметті жүзеге асыру мақсатында құрылған заңды тұлғалардың бірлестігі. Бұл ретте, дауыс беретін акциялары (қатысу үлестері) мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар, сондай-ақ Холдингке тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалар сауда-саттыққа жіберілмейді;

29) Қор – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы;

30) Холдинг – Қор мен акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік құқығында Қорға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың жиынтығы. Жанама тиесілілік – өзге заңды тұлғалардың акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы әрбір кейінгі заңды тұлғаға меншік құқығында тиесілі болуын білдіреді;

31) Электрондық конкурс – Қатысушылар Сауда-саттыққа қатысуға арналған өтініштерін және/немесе Конкурстық өтінімді Жүйе арқылы электрондық нысанда жіберетін, Жүйе пайдаланылып өткізілетін конкурстың түрі.

2-тарау. Қорға тікелей тиесілі Активтерді өткізу, қайта құрылымдау тәртібі

1. Әлеуметтік-экономикалық маңызы бар, оларды иелену және (немесе) пайдалану және (немесе) оларға билік ету Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігінің жағдайына әсер ететін, оларды өткізу Тәуелсіз консультанттар тарту арқылы жүзеге асырылатын Активтердің тізбесі және Қордың Активтерін қамтитын өзге де активтердің тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен

бекітуге ұсынылатын тізбелердің негізінде мәлімет үшін кейіннен (қажет болған кезде) Қор Директорлар кеңесінің қарауына шығарумен Қор Басқармасының шешімімен бекітіледі.

Қорға тікелей тиесілі әрбір Активті өткізу туралы шешімді Қазақстан Республикасының заңнамасына, тиісті қор биржасының қағидаларына және Қордың ішкі құжаттарына сәйкес Қордың Директорлар кеңесі қабылдайды.

Қорға тікелей тиесілі Активтерді өткізуді Қордың Активтерін өткізуге, қайта құрылымдауға жауапты бөлімше жүзеге асырады. Активті өткізуге, қайта құрылымдауға жауапты бөлімше:

1) Активтерді өткізу, қайта құрылымдау, оның ішінде Активті сату алдында дайындау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

2) Активтерді өткізу, қайта құрылымдау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді;

3) Активтерді өткізу жөніндегі іс-шаралардың орындалуы барысы туралы Қор Басқармасын хабардар етеді;

4) Сатып алушының талабы бойынша өткізілетін Активтер туралы қажетті ақпарат дайындайды және ұсынады;

5) заңнамада белгіленген жағдайларда Активті өткізу үшін қажетті мемлекеттік органдардың рұқсатын және келісімін, оның ішінде Сауда-саттық нәтижесінде алынатын рұқсаттар мен келісімдерді, сондай-ақ мәліметтерді қоспағанда, өткізілетін Активтің стратегиялық мәртебесімен байланысты келісімін алады;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Қағидаларға сәйкес осы Қағидаларда көзделген шарттарды сақтай отырып, консультациялар мен сараптамалар жүргізу үшін тиісті бейіндегі Тәуелсіз консультанттар, мамандар және сарапшылар тарту бойынша ұсыныстар дайындайды;

7) Активтерді өткізудің мерзімі, олардың Бастапқы бағасы/ең төмен бағасы және өзге де шарттары бойынша Қор Басқармасына ұсыныстар енгізеді;

8) осы Қағидаларға сәйкес Активтерді өткізу үшін қажетті өзге де іс-шараларды жүргізеді.

2. Активтің нарықтық құнына бағалау жүргізу үшін Тәуелсіз консультанттар тарту және (немесе) Қорға тікелей тиесілі Активтер бойынша мәмілені сүйемелдеу жөніндегі шешімді «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы

тікелей және жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-қа меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тиесілі заңды ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу қағидаларына (бұдан әрі – Сатып алу қағидалары) сәйкес уәкілетті органның одан әрі шешім қабылдауы үшін Қордың консультантты таңдау жөніндегі Комиссиясы қабылдайды.

Әрбір активтің Бастапқы/Ең төмен бағасы, жоспар-кестені, жол картасын бекіту, өткізу, қайта құрылымдау шарттары, Қорға тікелей тиесілі Активтерді Сатып алушыға (болған кезде) қойылатын талаптар бойынша шешімді Қор Басқармасы қабылдайды.

Қорға тікелей тиесілі және оларды өткізу әлеуметтік-экономикалық маңызы анықталған жағдайда, Тәуелсіз консультанттар тартыла отырып жүзеге асырылатын, оларды иелену және (немесе) пайдалану және (немесе) оларға билік ету Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігінің жағдайына әсер ететін Активтерді өткізу тәсілі бойынша шешімді (Қор Басқармасымен алдын-ала келісе отырып) Қордың Директорлар кеңесі қабылдайды.

Қордың Басқармасы және/немесе Директорлар кеңесі қабылдайтын шешімдер Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Қордың ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасы уәкілетті мемлекеттік органдарына келісуге және/немесе мақұлдауға жіберілуі мүмкін.

Қор сенімгерлікпен басқару шартында сенімгерлікпен басқарушының Қорға тікелей тиесілі Активті иеліктен шығару құқығын айқындауға құқығы бар, бұл ретте сенімгерлікпен басқарушы Қорға қатысты осы Қағидаларда көзделген құқықтар мен міндеттерді басшылыққа алуы қажет. Мұндай жағдайда, Активтің нарықтық құнына бағалау жүргізу үшін Тәуелсіз консультанттар тарту және (немесе) Қорға тікелей тиесілі Активтер бойынша мәмілелерді сүйемелдеу жөніндегі шешімді Сатып алу қағидаларының 138-тармағының 9) тармақшасына сәйкес сенімгерлікпен басқарушы қабылдайды.

3-тарау. Салалық компанияларға/Компанияларға тиесілі Активтерді өткізу, қайта құрылымдау тәртібі

3. Өткізуге, қайта құрылымдауға жататын Активтерді иеленетін Компания (оған уәкілетті органдар тұлғасындағы) Қазақстан

Республикасының қолданыстағы заңнамасында және ішкі құжаттарға сәйкес Активті өткізу, қайта құрылымдау туралы шешім қабылдайды.

Бәсекелес ортаға беруге тиесілі Салалық компанияларға/Компанияларға тиісті Активтерді өткізу жөніндегі мәселелер құзыретіне сәйкес Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияға шығарылады.

Активтерді өткізу жөніндегі мәселені Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның қарауына шығарғанға дейін Қордың Жобалау офисіне жіберілетін құжаттар пакеті:

- 1) Актив бойынша тәуелсіз консультанттың/консультанттың ұсынымдарын (қажет болған кезде);
- 2) Активті бағалауды;
- 3) Актив бойынша Салалық комиссия шешімдерінің хаттамасын;
- 4) Актив бойынша меншіктенушінің шешімін;
- 5) сұрау бойынша өзге де құжаттарды қамтиды.

Әлеуметтік-экономикалық маңызы бар, оларды иелену және (немесе) пайдалану және (немесе) оларға билік ету Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігінің жағдайына әсер ететін, оларды өткізу Тәуелсіз консультанттар тарту арқылы жүзеге асырылатын Активтердің тізбесі және Салалық компаниялардың/Компаниялардың Активтерін қамтитын өзге де активтердің тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітуге ұсынылатын тізбелердің негізінде мәлімет үшін кейіннен (қажет болған кезде) Қор Директорлар кеңесінің қарауына шығарумен Қор Басқармасының шешімімен бекітіледі.

Салалық компанияларға/Компанияларға тиесілі әлеуметтік-экономикалық маңызы жоқ, оларды иелену және (немесе) пайдалану және (немесе) оларға билік ету Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігінің жағдайына әсер ететін өзге де Активтерді өткізу тәсілін Салалық компаниялардың Директорлар кеңестері айқындайды.

4. Салалық компания Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Салалық компанияның ішкі құжаттарына сәйкес Активтерді Шоғырландырып өткізу туралы шешім қабылдауы мүмкін. Активтерді шоғырландырып өткізу осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

5. Активтерді өткізуді Салалық компания осы Қағидалардың 3-тармағына сәйкес Компанияның органдары қабылдаған шешімдердің негізінде жүзеге асырады. Салалық компанияның Басқармасы немесе ішкі құжаттармен уәкілеттілік берілген оның өзге де органы осы Қағидаларға сәйкес Салалық компанияға/Компанияға тиесілі Активтердің Тізбесінде көзделген Активті өткізуге, қайта құрылымдауға жауапты бөлімшені анықтайды.

Салалық компанияның Активті өткізуге, қайта құрылымдауға жауапты бөлімшесі:

1) Активтерді өткізу, қайта құрылымдау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

2) Активтерді өткізу, қайта құрылымдау жөніндегі іс-шаралардың орындалуына бақылау жасайды;

3) бағалау қызметтерін көрсетушіні белгіленген тәртіппен тартуды қамтамасыз етеді;

4) Салалық компанияның/Компанияның Активтерін өткізу/қайта құрылымдау мәселелері бойынша ұсыныстарды Салалық компания Комиссиясының қарауына шығарады;

5) Салалық компания Комиссиясының сұрауы бойынша сұрау алынған күнінен бастап 2 жұмыс күнінің ішінде Салалық компания/Компания Активтерінің өткізілу барысы туралы ақпарат береді;

6) Салалық компанияның/Компанияның Активтерін өткізу, қайта құрылымдау жөніндегі іс-шаралардың орындалу барысы туралы Қорды хабардар етеді және Сауда-саттықтардың материалдарын/құжаттарын немесе осы Қағидаларда қолданылатын Активті өзге де иеліктен шығару тәсілі пайдаланылған материалдарды/құжаттарды Салалық компанияның бірінші басшысының немесе бірінші басшыны алмастыратын адамның қолы қойылған хатпен Қорға жібереді;

7) Сатып алушының талабы бойынша Салалық компанияның/Компанияның өткізілетін Активтері туралы қажетті ақпаратты дайындайды және береді;

8) заңнамада белгіленген жағдайларда Компанияның атынан Активті өткізу, қайта құрылымдау үшін қажетті мемлекеттік органдардың рұқсатын және келісімін, оның ішінде Сауда-саттық нәтижесінде алынатын рұқсаттар мен келісімдерді, сондай-ақ

мәліметтерді қоспағанда, өткізілетін Активтің стратегиялық мәртебесімен байланысты келісімін алады;

9) Активтерді өткізу, қайта құрылымдау үшін қажетті немесе осы Қағидалардың ережелерінен туындайтын басқа да іс-шараларды жүргізеді.

6. Активтерді өткізуге алдын ала дайындау жүргізу шеңберінде, дауыс беретін акциялары (қатысу үлестері) Салалық компанияға жанама түрде тиесілі Компания Салалық компанияның (осы Қағидалардың талаптарын ескере отырып) Компанияның атынан Активтерді өткізу, қайта құрылымдау үшін қажетті барлық іс-қимылдарды жүргізуі көзделетін Салалық компаниямен шарт жасасады;

7. Салалық компанияның Комиссиясы Активтердің өткізілуін, қайта құрылымдалуын жүзеге асыратын және процесті үйлестіретін және бақылайтын, сондай-ақ өткізілуі, қайта құрылымдауына, сондай-ақ Салалық компанияларға/компанияларға тиесілі активтер бойынша тәуелсіз консультантты тартуға қатысты олар шешім қабылдау үшін Салалық компанияның уәкілетті органы ұсынымдар жасайтын алқалық орган болып табылатын әрбір Салалық компанияның жанынан құрылады.

8. Салалық компанияның Комиссиясын құру, оның дербес құрамы, төрағасын тағайындау және қызметін тоқтату туралы шешімді Салалық компанияның бірінші басшысы немесе ол өкілеттік берген тұлға қабылдайды.

Салалық Компания Комиссиясының құрамына кемінде 7 адам кіреді, олар: Қор төраға, төрағаның орынбасары, Жобалау офисінің өкілдері, сондай-ақ Салалық компания Комиссиясының басқа мүшелері. Салалық компания Комиссиясының құрамына мемлекеттік органдардың, оның ішінде ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің (келісім бойынша) немесе олардың аумақтық бөлімшелерінің, сондай-ақ «Нұр Отан» партиясының (келісім бойынша) және ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының (келісім бойынша) өкілдері кіре алады. Жұмысты қамтамасыз ету үшін хатшы да Салалық компания Комиссиясының шешімімен тағайындалады. Хатшы Салалық компания Комиссиясының мүшесі болып табылмайды және дауыс құқығын иеленбейді.

Сауда-саттықтың нәтижелеріне тікелей мүдделі жеке тұлғалар (оның ішінде Сауда-саттыққа қатысуға өтініш берген жеке тұлғалар не көрсетілген өтініштер берген ұйымдардың штатында тұратын жеке тұлғалар), не осы ұйымдардың тікелей немесе жанама қатысушылары (акционерлері), олардың басқару органдарының мүшелері, Сауда-саттық қатысушыларының кредиторлары болып табылатын жеке тұлғалар Комиссия мүшелері бола алмайды. Комиссияның құрамында көрсетілген тұлғалар анықталған жағдайда, Салалық компанияның бірінші басшысы оларды өзге жеке тұлғалармен дереу ауыстыруға міндетті.

9. Салалық компанияның Комиссиясы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) Бастапқы/Төменгі бағаларды, өткізу, қайта құрылымдау талаптарын және/немесе Салалық компания/Компания активтері (бар болған кезде) Сатып алушыға қойылатын талаптарды бекіту;

2) Салалық компанияның/Компанияның әр жеке Активін өткізу, қайта құрылымдау жөніндегі іс-шаралар жоспарын көрсете отырып жол картасын бекіту;

3) Салалық Компанияның/Компанияның Активтерін өткізу, қайта құрылымдау жөніндегі жол картасы іс-шараларының орындалуын бақылау, сондай-ақ осындай іс-шаралардың орындалғаны туралы Бірыңғай операторды хабардар ету;

4) Активтерді өткізудің, қайта құрылымдаудың жалпы жоспар-кестесін бекіту;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Қағидаларға сәйкес Активтің нарықтық құнын бағалау үшін Тәуелсіз консультанттарды тарту және (немесе) Сатып алу қағидаларына сәйкес уәкілетті орган одан әрі шешім қабылдау үшін Актив бойынша мәмілені сүйемелдеу бойынша шешім қабылдайды;

6) Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарының қарауына белгіленген тәртіппен Активтің өткізілу, қайта құрылымдауы жөнінде ұсыныстар шығару;

7) осы Қағидаларда көзделген жағдайларда Сауда-саттыққа қатысуға рұқсатты келісу;

8) осы Қағидаларда көзделген жағдайларда Сауда-саттықтың Жеңімпазын анықтау және жариялау (Аукционды қоспағанда);

9) егер Сауда-саттыққа қатысуға арналған өтініштерді және Конкурстық өтінімдерді қабылдау және қарау кезінде, не тікелей

Сауда-саттықты өткізу кезінде осы Қағидалар ережелерінің өткізілген Сауда-саттықтың қорытындыларына әсер еткен немесе әсер етуі мүмкін бұзылуына жол берілген болса, өткізілген Сауда-саттық нәтижелерінің күшін жою туралы шешім қабылдау;

10) Конкурстық өтінімдерді ашқанға дейін Сауда-саттықтардың күшін жою және қайталама хабарландыру туралы шешімдер қабылдау;

11) өзге, оның ішінде Салалық компанияның/Компаниялардың Активтерін өткізуге, қайта құрылымдауға байланысты осы Қағидаларда көзделген функцияларды жүзеге асыру.

10. Салалық компанияның Комиссиясы қабылдайтын шешімдер хаттамада ресімделеді. Салалық компанияның/Компанияның Активтерін өткізуге, қайта құрылымдауға байланысты мәселелер бойынша Салалық компания Комиссиясының шешімдері тиісті Салалық компанияға, сондай-ақ Компанияға ғана таратылады, Активтерді өткізуге қатысты Салалық компания олардың өткізілуін, қайта құрылымдалуын жүзеге асырады. Салалық компания Комиссиясының шешімдері Қор Басқармасының және Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы келмеуге тиіс.

11. Салалық компания осы Қағидалардың ережелері шеңберінде Салалық компания Комиссиясының активтерді өткізу, қайта құрылымдау тәртібі мен рәсімдерін, жұмыс регламентін дербес айқындайды.

12. Активтің нарықтық құнына бағалау жүргізуге Тәуелсіз консультанттарды тарту және (немесе) Салалық компанияға/Компанияға тиесілі Активтер бойынша мәмілені сүйемелдеу жөніндегі ұсынымдарды Сатып алу қағидаларына сәйкес Салалық компанияның уәкілетті органы одан әрі шешім қабылдау үшін Салалық компанияның Комиссиясы ұсынады.

Салалық компанияға/Компанияға тиесілі активтердің (бар болған кезде) Бастапқы/Төменгі баға, мерзімдер (оның ішінде барлық Активтер бойынша жалпы жоспар-кесте және әрбір жеке алынған Активке жол картасы бойынша), өткізу, қайта құрылымдау талаптары, Сатып алушыға қойылатын талаптар бойынша ұсынымдарды Салалық компанияның уәкілетті органы одан әрі шешім қабылдау үшін Салалық компанияның Комиссиясы ұсынады.

Салалық компанияға/Компанияға тиесілі және іске асырылуы әлеуметтік-экономикалық маңызы бар, оны иелену және (немесе)

пайдалану және (немесе) оған билік жасау Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне әсер ететіндерді анықтаған жағдайда, Тәуелсіз консультанттарды тартумен жүзеге асырылатын Активтерді өткізу тәсілі бойынша шешімдер Қордың Директорлар кеңесінде (Қор Басқармасының алдын ала келісуімен) қабылданады.

Компанияның және/немесе Салалық компанияның уәкілетті органдары қабылдайтын шешімдер Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Қордың және/немесе Компанияның және/немесе Салалық компанияның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына мақұлдауға немесе келісуге жіберілуі мүмкін.

4-тарау. Бірыңғай оператордың өкілеттіктері және функциялары

13. Бірыңғай оператор Қор Басқармасының шешімімен айқындалады.

14. Бірыңғай оператор:

1) Активтерді өткізу, қайта құрылымдау жөніндегі іс-шаралардың орындалу мониторингін жүзеге асырады;

2) осы Қағидаларда көзделген Активтерді өткізу, қайта құрылымдау тәртібі мен рәсімдерінің сақталуына тексеруді жүзеге асырады;

3) Салалық компаниялардан Активтерді өткізу, қайта құрылымдау туралы материалдар мен ақпаратты сұратады;

4) Активтерді сатып алу-сату шарттарының талаптарын сатып алушылардың орындауына мониторинг жүргізуді жүзеге асырады;

5) Салалық компания ұсынғанда Активтерді сатып алу-сату шартының жобасын оған қол қойылғанға дейін келіседі;

6) осы Қағидаларға сәйкес өкілеттіктерді жүзеге асырған кезде барлық анықталған жолсыздықтар жөнінде Салалық компанияны (Салалық компанияға тиесілі Активтерге қатысты) және Жобалау офисін хабарландырады;

7) Салалық компаниялардың Комиссияларының отырыстарына оның өкілдері ретінде қатысады;

8) осы Қағидаларда көзделген өзге өкілеттіктер немесе олардан туындайтын өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5-тарау. Тәуелсіз консультанттың өкілеттіктері және функциялары

15. Тәуелсіз консультант өткізілетін Активтің нарықтық құнына бағалау жүргізу үшін және (немесе) Активтерді алдын ала сатуға дайындау және оларды сату, ұсынымдарды әзірлеу және беру, сондай-ақ өзге де жұмысты ұйымдастыру және жүргізу бойынша Қор немесе Салалық компанияға консультациялық қызметтер көрсету үшін тартылады.

Әлеуметтік-экономикалық маңызы бар, оны иелену және (немесе) пайдалану және (немесе) оған билік жасау Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне әсер ететін және іске асырылуы Тәуелсіз консультанттарды тартумен жүзеге асырылатын активтер тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітуге ұсынылатын тізбелер негізінде мәлімет үшін Қордың Директорлар кеңесінің қарауына одан әрі шығара отырып, Қор Басқармасының шешімімен бекітіледі.

Активтің нарықтық құнына бағалау жүргізу және (немесе) Актив бойынша мәмілені сүйемелдеу үшін Тәуелсіз консультантты тарту Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Қағидаларға және Қор немесе Салалық компанияның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Активтің нарықтық құнына бағалау жүргізу және (немесе) Қорға тікелей тиесілі Активтер бойынша мәмілені сүйемелдеу үшін Тәуелсіз консультанттарды тарту бойынша шешімдерді Сатып алу қағидаларына сәйкес уәкілетті орган одан әрі шешім қабылдау үшін консультантты таңдау жөніндегі Қордың комиссиясы қабылдайды.

Активтің нарықтық құнына бағалау жүргізуге Тәуелсіз консультанттарды тарту және (немесе) Салалық компанияға/Компанияға тиесілі Активтер бойынша мәмілені сүйемелдеу бойынша шешімдерді Сатып алу қағидаларына сәйкес уәкілетті орган одан әрі шешім қабылдау үшін Салалық компанияның Комиссиясы қабылдайды.

16. Акцияларының (қатысу үлестерінің) жүз пайызы Қорға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тікелей тиесілі Активтерге қатысты Тәуелсіз консультанттарды тарту Салалық компания, Қор және Тәуелсіз консультант арасында қызметтерді көрсетуге үш жақты шартқа қол қою жолымен Салалық компания есебінен жүзеге

асырылады, шартта өзгелерден басқа, Қорға байланысты Тәуелсіз консультанттар көрсететін қызметтерге қатысты Компанияның шығыстарын өтеу тәртібі көрсетіледі. Бұл ретте қызметтерге тапсырыс беруші Компания болуы қажет. Тәуелсіз консультанттар көрсеткен қызметтерді Қор пайдалана алады. Өзге активтер бойынша Тәуелсіз консультанттарды тарту Қазақстан Республикасының заңнамасында және Салалық компанияның/Компанияның/Қордың ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

17. Тәуелсіз консультанттарды тарту Қорға кіретін ұйымдардың консультациялық қызметтерін тарту кезінде; мүдделер қақтығысы туралы жалған мәліметтерді қасақана немесе алдын ала қасақана бергені, оның ішінде Салалық компанияға немесе Қорға не оған қоса Мүдделер қақтығысына қарсы үшінші тұлғалардың мүдделерін көрсеткені үшін Тәуелсіз консультанттың жауапкершілігі туралы; Мүдделер қақтығысының алдын алу бойынша корпоративтік стандарттар ережелерін қоса алғанда, Мүдделер қақтығысын реттеуге байланысты нормаларды шарттарда міндетті түрде белгілей отырып сүйемелденуге тиіс.

18. Тәуелсіз консультант мақсаты шаруашылық қызметке байланысты формалдылықты оңайлату, осы немесе өзге мәселелердің неғұрлым тез шешілуін қамтамасыз ету болып табылатын парақорлыққа толық төзбеушілік және сыбайлас әрекеттерге толық тыйым салу және жәрдем көрсеткені/төлегені үшін төлемдер жасауды көздейтін сыбайлас жемқорлық саясатын жүргізуге кепілдік беретін болады. Тәуелсіз консультант өз қызметінде қолданылатын заңнаманы және оның негізінде әзірленген парақорлықпен және коммерциялық параға сатып алумен күреске бағытталған саясаттар мен рәсімдерді басшылыққа алатын болады.

2-бөлім. Активтерді өткізудің, қайта құрылымдаудың тәсілдері және түрлері

1-тарау. Сауда-саттықтар өткізудің, Активтерді қайта ұйымдастырудың тәртібі туралы жалпы ережелер

19. Активтерді өткізу кезінде мынадай тәсілдер пайдаланылуы мүмкін:

- а) Ашық екі кезеңдік конкурс;
- б) Электрондық конкурс;

- в) Тікелей атаулы сату;
- г) тиісті қор биржасының қағидаларына сәйкес қор биржасында (акцияларды бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығына орналастыру);
- д) Аукцион;
- е) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де тәсілдер.

20. Әлеуметтік-экономикалық маңызы бар, оны иелену және (немесе) пайдалану және (немесе) оған билік жасау Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне әсер ететін активті өткізу тәуелсіз консультанттарды тарта отырып, жүзеге асырылады. Мұндай активтерді өткізу тәсілін Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын сақтай отырып, тәуелсіз консультанттарының ұсыныстары негізінде Қордың Директорлар кеңесі айқындайды.

21. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгелей көзделмесе, егер басым сатып алу құқығы бойынша бірге иеленушілер (қатысушылар) Активті немесе Объектіні сатып алуға талаптанса, Актив Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімде өткізіледі.

22. Әлеуметтік-экономикалық маңызы бар, оны иелену және (немесе) пайдалану және (немесе) оған билік жасау Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне әсер ететін актив Қордың (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) Қазақстан Республикасының заңнамасына және ішкі құжаттарға сәйкес осындай өткізудің мақсатқа сай еместігіне байланысты Салалық компанияның, Компанияның (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) шешімі бойынша Сауда-саттықты өткізбей қайта құрылымдау немесе тарату нысанында қайта құрылымдалуы мүмкін.

Компанияның және/немесе Салалық компанияның уәкілетті органдары қабылдайтын шешімдер Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Қордың және/немесе Компанияның және/немесе Салалық компанияның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына мақұлдауға немесе келісуге (Бірыңғай оператормен келісілгеннен кейін) жіберілуі мүмкін.

23. Егер Активті өткізуді жүзеге асыру үшін қандай да бір рұқсаттар мен келісулер, сондай-ақ оларды алу үшін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Сауда-саттықты өткізу нәтижесінде алынуы тиіс ақпарат қажет болса, онда Сауда-

саттық туралы хабарламада Сауда-саттықтың болжалды баға мен Активті сатудың өзге де талаптарын, Активтің әлеуетті сатып алушысын айқындау мақсатында өткізілетіні, сондай-ақ Шарттың мұндай рұқсаттар мен келісулер (оның ішінде артықшылықты және/немесе басым құқықтан бас тарту) берілетін жағдайда жасалатыны көрсетіледі.

24. Салалық компания комиссиясы Активті Конкурс тәсілімен өткізу кезінде өткізу шарттары мен Конкурсқа қатысушылардың ұсыныстарын бағалау өлшемшарттарын өзі айқындай алады, бұл ретте Конкурсқа қатысушылардың ұсыныстарын бағалаудың міндетті өлшемшарты болып өткізілетін Активтің қызмет бейінін сақтап қалу табылады.

25. Екі кезеңдік ашық конкурс тәсілімен Активті өткізудің және Тікелей атаулы сатудың өлшемшарттары мыналар:

1) сатылатын Активтің қызметіне байланысты салада қызмет тәжірибесінің болуы;

2) Активті басқаруға, сондай-ақ технологиялар трансферті, оның ішінде ашылмаған ақпаратты (өндірістің құпияларын (ноу-хау) алу және біліктілігі жоғары мамандарды тарту жолымен оны дамытуға қатысу үшін акциялардың ірі пакетін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу.

3) инвестициялардың көлемдері, түрлері мен мерзімдері бойынша міндеттемелер қабылдау;

4) өндіріс көлемінің, шығарылатын өнім немесе көрсетілетін қызметтер номенклатурасының белгілі бір деңгейін қамтамасыз ету;

5) табиғатты қорғау іс-шараларын өткізу;

6) қызмет бейінін сақтау;

7) жаңа жұмыс орындарын сақтау немесе құру;

8) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын жұмыскерлердің штаттық санының кемінде үштен екісінің сақталуын қамтамасыз ету;

9) өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін пайдаланудың қолданыстағы тәртібі мен талаптарын сақтау;

10) белгіленген мерзімде кредиторлық берешекті өтеу;

11) жалақы бойынша берешекті өтеу;

12) мәмілелерді жасауға (қайта сату, кепіл, басқаруға беру және басқалар) шектеу және (немесе) белгілі бір уақыт ішінде Активке қатысты белгілі бір іс-қимылдарға тыйым салу бола алады.

26. Салалық компания (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қор (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) Тікелей атаулы сату нысанында Активті өткізу талабына міндетті түрде енгізілуі тиіс, Қағидалардың 25-тармағында көрсетілген талаптардың (қажет жағдайда мұндай талаптарды орындау мерзімін белгілей отырып) кемінде үштен бірін белгілейді.

27. Екі кезеңдік ашық конкурс және Тікелей атаулы сату тәсілдерімен Активті өткізудің міндетті шарттары болып осы Қағидалардың 25-тармағы 6) және 12) тармақшалары, сондай-ақ сатып алу-сату шартының талаптары бұзылуына мөлшерлес санкциялар/ Активті сатып алушының жауапкершілігі қарастырылатын шарттар болуы тиіс.

28. Сауда-саттық туралы хабарламаны Салалық компания (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қор (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында аптасына кемінде 3 рет басып шығару кезеңділігімен жариялайды. Активті бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығында және/немесе бағалы қағаздардың халықаралық (шетелдік) нарығында өткізетін жағдайда, сауда-саттықтар туралы ақпарат тиісті қор биржасының қағидаларына сәйкес орналастырылады.

29. Сауда-саттыққа қатысуға ниетін білдірген адамдар Салалық компанияда (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қорда (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) белгіленген кезең ішінде, бірақ Сауда-саттыққа қатысу үшін ұсынылатын өтініштерді қабылдауды аяқтағанға дейін 3 жұмыс күнінен кеш емес мерзімде өткізілетін Активті (бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығында және/немесе бағалы қағаздардың халықаралық (шетелдік) нарығында өткізілетін Активтерді қоспағанда) қарауға және онымен танысуға құқылы. Салалық компания (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қор (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) Активті қарау рәсімі бойынша қосымша талаптарды белгілеуге (оның ішінде құпиялылық туралы келісімге қол қою туралы талапты анықтауға) құқылы.

30. Активті өткізу үшін қажетті іс-шараларды жүргізу барысында Салалық компания (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қор (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) Сатып алу қағидаларының 138-тармағы 9) тармақшасына сәйкес консультанттарды және/немесе сарапшыларды қосымша тартуға құқылы.

31. Салалық компанияның (Салалық компанияға/Компанияға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қордың (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) уәкілетті органының шешімі бойынша осы Қағидаларда көрсетілген кез келген тәсілмен Активті сату кезінде Сатып алушыға уақытылы хабарланған жағдайда Жобалау офисімен келісу бойынша Активті өткізудің қосымша шарттары қойылуы мүмкін.

32. Салалық компанияның (Салалық компанияға/Компанияға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қордың (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) уәкілетті органының шешімі бойынша осы Қағидаларда көрсетілген кез келген тәсілмен иеліктен шығарылатын

Активтің құны бөлшектеп (транштармен) немесе бөліп төленуі мүмкін. Активтің құны бөлшектеп (транштармен) немесе бөліп төленетін жағдайда Шарт бойынша Сатып алушының төленбеген ақшалай міндеттемелері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейтін қайта қаржыландыру мөлшерлемесіне сәйкес индекстелуге жатады және ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шарттың талаптарында ескерілуі тиіс.

Бұл ретте Активтің құнын төлеудің жалпы мерзімі 24 (жиырма төрт) күнтізбелік айдан аспауы, ал төлемнің (транштың) бірінші бөлігінің мөлшері Актив құнының 30%-нан кем болмауы тиіс. Активтің құнын бөліктермен (транштармен) немесе бөліп төлеу тәртібі мен мерзімі Шартта ескеріледі.

Сонымен бірге Активке меншік құқығын табыстау мынадай тәсілдердің бірімен Салалық компанияның (Салалық компанияға/Компанияға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қордың (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) таңдауы бойынша жүзеге асырылуы мүмкін:

1) Активтің құнын бөлшектеп (транштармен) төлеу кезінде Активке

меншік құқығын табыстау Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Активті қабылдап алу және тапсыру актісіне қол қою арқылы Шарт бойынша соманы толық төлеген соң жүргізіледі. Бұл ретте Актив Шарт бойынша сома толық төленгенге дейін Сатып алушыға сенімгерлікпен басқаруға тапсырылуы мүмкін. Активті сенімгерлікпен басқаруға тапсыру кезінде Шарт бойынша Активке меншік құқығы толығымен ауысқанға дейін қаржы (инвестициялық және операциялық) шығысын төлеуді қамтамасыз ету бойынша Сатып алушының міндеттемелерін ескеру керек; немесе

2) Активтің құнын бөлшектеп (транштармен) төлеу кезінде акцияларға/Активке қатысу үлесіне меншік құқығын табыстау акциялардың/Активке қатысу үлесінің төленген бөлігіне пропорционалды түрде жүзеге асырылады.

Активтің төленбеген бөлігіне меншік құқығын табыстау Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Активті қабылдап алу және тапсыру актісіне қол қойылған соң Шарт бойынша сома толық төленгеннен кейін жүргізіледі.

Бұл ретте төленбеген және Сатып алушының меншігіне өтпеген акциялардың/Активке қатысу үлесінің бөлігі Шарт бойынша сома толық төленгенге дейін Сатып алушыға сенімгерлікпен басқаруға тапсырылады.

Активтің құны бөліктеп (транштармен) төленетін жағдайда, Шартқа және сенімгерлікпен басқару шартына мынадай ережелер енгізіледі:

а) осы Қағидалардың 26 және 27-тармақтарында көрсетілген шарттардың орындалуын қамтамасыз ететін ережелер (оның ішінде жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жоғарғы органының/акционерлік қоғамның басқару органының құзыретіне тиісті мәселелер бойынша шешім қабылдауды енгізу арқылы)

б) Шарт бойынша Активке меншік құқығы толық ауысқанға дейін Активке байланысты қаржы (инвестициялық және операциялық) шығысын төлеуді қамтамасыз ету жөніндегі Сатып алушының міндеттемесі;

в) осы Қағидаларда ескерілген өзге де шарттар; немесе

3) Активтің құнын бөліп төлеу кезінде акцияларға/Активке қатысу үлесіне меншік құқығын тапсыру акцияларға/Активке қатысу үлесіне және Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес мұндай кепілзатты тіркей отырып Активтің барлық материалдық негізгі құрал-жабдығына кепіл шартын/шарттарын бір мезгілде жасап, бастапқы жарна төленген соң жүргізіледі.

2-тарау. Аукцион

33. Активтерді өткізу аукционы Электрондық сауда-саттық жүргізу регламентіне сәйкес мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында осы Қағидаларда ескерілген Аукцион тәсілімен Активті өткізу жөнінде шешім қабылданған Активтерге қатысты жүзеге асырылады.

34. Бұл ретте белгілі бір Активті өткізу үшін мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында жүргізілетін бірінші Аукцион бағаны жоғарылату талаптарымен өткізілуі тиіс.

Егер бірінші Аукцион өткізілмеді деп танылса, өткізілетін Актив бойынша екінші Аукцион өткізіледі. Екінші Аукционды өткізген кезде Активті сату бастапқы бағаны 50 пайызға төмендету жолымен белгіленген Ең төмен бағамен бағаны төмендету талаптарымен жүзеге асырылады.

Үшінші Аукционды өткізген кезде Активті сату Ең төменгі бағаны белгілемей-ақ бағаны төмендету әдісімен жүзеге асырылады.

Әрбір келесі Сауда-саттық (екінші және үшінші) 20 жұмыс күні мерзімімен жүзеге асырылады. Өткізілетін Активтің бастапқы бағасы баланстық құннан төмен болуы мүмкін.

Өткізілетін Актив бойынша аукцион әдісімен жүргізілетін екінші және үшінші сауда-саттық осы Қағидалардың және Электрондық сауда-саттықты жүргізу регламентінің, оның ішінде Сауда-саттыққа дайындық жүргізу және Сауда-саттықтар туралы хабарламаны жариялау мерзімдеріне қатысты ережелерінде қарастырылған тәртіппен бағаны төмендету талаптарымен жүргізіледі.

35. Сұраныс толық болмаған жағдайда, үш Аукционның нәтижелері бойынша өткізілмеген Активтер осы Қағидаларға сәйкес

қабылданған Активтің меншік иесінің шешімі негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен таратуға немесе қайта ұйымдастыруға жатады.

Егер шетелдік юрисдикцияларда тіркелген Активке сұраныс жоқ болса және ол Жүйедегі үш Аукционның қорытындысы бойынша өткізілмесе, онда Қазақстан Республикасының заңнамасына және ішкі құжаттарға сәйкес осындай өткізудің орынсыздығы себепті мұндай Актив Салалық компанияның, Компанияның (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты), Қордың шешімі бойынша қолданылатын шетелдік заңнама негізінде тиісті шетелдік мемлекеттің аумағында өткізілуі мүмкін.

Компанияның және/немесе Салалық компанияның уәкілетті органдары қабылдайтын шешімдер Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Қордың және/немесе Компанияның және/немесе Салалық компанияның ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына мақұлдауға немесе келісуге жіберілуі мүмкін.

3-тарау. Электрондық конкурс

36. Қордың және Салалық компаниялардың Активтерін өткізу бойынша электрондық конкурс Электрондық сауда-саттық жүргізу регламентіне сәйкес тізілімнің веб-порталында Қордың уәкілетті органының немесе өткізудің осындай тәсілі айқындалатын Салалық компанияның Директорлар кеңесінің шешімі негізінде жүзеге асырылады.

37. Электрондық конкурсқа қатысты Сауда-саттық туралы хабарламаны тарату үшін жарнамалық құралдар қосымша пайдаланылуы мүмкін.

4-тарау. Екі кезеңдік ашық конкурс

38. Қордың (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) және Салалық компаниялардың (Салалық компанияларға/Компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) Активтерін өткізу бойынша Екі кезеңдік ашық конкурс Қордың немесе Салалық компанияның уәкілетті органдарының шешімі бойынша жүзеге асырылады, онда мұндай өткізу тәсілі анықталады және ол мынадай кезеңдерден тұрады:

1) бірінші кезең – өткізілетін конкурстың мәні бойынша алдын ала ұсынысты қамтитын Конкурстық өтінімдер беру және оларды қарау. Бірінші кезеңнің нәтижесінде Салалық компания (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қор (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) Екі кезеңдік ашық конкурстың екінші

кезеңіне қатысуға адамдарға рұқсат беру немесе рұқсат беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды және Конкурстық ұсыныстардың мазмұны мен оларды бағалау өлшемшарттарын бекітеді;

2) екінші кезең – Конкурстық ұсыныстарды беру және оларды қарау, олардың негізінде Екі кезеңдік ашық конкурстың жеңімпазы анықталады.

39. Сауда-саттықты Екі кезеңдік ашық конкурс тәсілімен өткізудің жалпы мерзімі 120 жұмыс күнінен аспауы тиіс. Салалық компания (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қор (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) Екі кезеңдік ашық конкурсты өткізу кезінде әлеуетті сатып алушылардың Активке тиісті тексеру жүргізу мерзімі мен өзге де рәсімдердің мерзімін өз бетімен айқындайды.

40. Бірінші кезеңге қатысты сауда-саттық туралы хабарлама мыналарды:

- 1) Активтің бастапқы бағасын;
- 2) алдын ала ұсыныстарды бағалау өлшемшартын;
- 3) алдын ала ұсыныстың мазмұнын;
- 4) Сауда-саттық туралы хабарламада көрсетілетін, конкурс шеңберінде жіберілетін ұсыныстарды бағалаудың өлшемшарттарына сәйкес қойылатын ең төменгі талаптарды;
- 5) Конкурстық ұсыныстарды бағалау өлшемшарты анықталып, оның екінші кезең барысында Екі кезеңдік ашық конкурсқа қатысушыларға жіберілетіні туралы нұсқауды;
- 6) Қамтамасыз етуді ұсыну және қайтару мөлшерін, талабын;
- 7) Екі кезеңдік ашық конкурстың қорытындылары шығарылатын күнді;
- 8) Активке меншік құқығының ауысуы шарттарын;
- 9) Екі кезеңдік ашық конкурста қатысушыны жеңімпаз деп айқындаған жағдайда әлеуетті сатып алушы орындауға міндеттенетін міндетті және қосымша шарттарды қамтуы қажет.

41. Екі кезеңдік ашық конкурсқа қатысуға үміткер адам Сауда-саттыққа қатысу үшін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті өтініш береді.

42. Екі кезеңдік ашық конкурсқа қатысуға өтініштерді қабылдау және оларды тіркеу Сауда-саттық туралы хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі.

43. Егер Екі кезеңдік ашық конкурсқа қатысуға өтінімдер беру мерзімі аяқталған сәтте 2-ден аз өтінім берілген болса, онда осы Актив бойынша Екі кезеңдік ашық конкурс өткізілмеді деп танылады.

44. Екі кезеңдік ашық конкурсқа қатысуға өтініштер беруге арналған мерзім аяқталған күні өтініштер бар конверттер ашылады және олардың Сауда-саттықтар туралы хабарламаға және осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін анықтау үшін (алдын ала

ұсыныстарды бағалау өлшемшарттарына сәйкестігін тексерместен) тексеру жүргізіледі. Берілген материалдарды қарағаннан кейін телефон байланысы, электрондық пошта немесе өзге де байланыс құралдары арқылы анықталған сәйкессіздіктер туралы өтініш берушілерге хабарлама жіберіледі.

45. Екі кезеңдік ашық конкурсқа қатысуға үміткер адам белгіленген мерзім ішінде анықталған сәйкессіздіктерді жояды. Бұл ретте, алдын ала ұсыныстың мазмұнын және/немесе талаптарын өзгертетін мәліметтер мен құжаттарды ұсынуға болмайды. Анықталған сәйкессіздіктерді жою мерзімі өткен соң Салалық компания (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қор (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) Екі кезеңдік ашық конкурсқа қатысуға (кемшіліктер жойылған) өтініштерді және оларға қоса ұсынылған алдын ала ұсыныстарды қарайды.

46. Өтініштерді қарау қорытындылары бойынша Екі кезеңдік ашық конкурстың екінші кезеңіне қатысуға көрсетілген өтініштерді берген тұлғаларға рұқсат ету немесе рұқсат етуден бас тарту жөнінде, сондай-ақ оларға Екі кезеңдік ашық конкурсқа қатысушылар мәртебесін беру туралы шешім қабылданады. Екі кезеңдік ашық конкурстың екінші кезеңіне қатысуға Қатысушыға рұқсат етуден бас тартылатын жағдайда мұндай тұлға енгізген Қамтамасыз ету Екі кезеңдік ашық конкурстың екінші кезеңіне қатысуға рұқсат етуден бас тартылатыны туралы ресми хатты Компания жіберген сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қайтарылады.

47. Өтініш берушіге мұндай тұлғаның алдын ала ұсынысы Сауда-саттық туралы хабарламаның талаптарына, оның ішінде Сауда-саттық туралы хабарламада көрсетілген, конкурс шеңберінде жіберілетін ұсыныстарды бағалау өлшемшарттарына сәйкес ең төменгі талаптарға сай келмесе, Екі кезеңдік ашық конкурстың екінші кезеңіне қатысуға рұқсат беруден бас тартылуы мүмкін.

48. Екі кезеңдік ашық конкурсқа қатысушы конкурстық ұсынысты желімделген конвертпен ұсынады. Салалық компания Конкурстық өтінімдер мен Конкурстық ұсыныстарды қабылдап алу күні мен уақыты міндетті түрде көрсетілетін Конкурстық өтінімдер мен Конкурстық ұсыныстарды тіркейтін арнайы журнал жүргізуі тиіс. Конкурстық ұсыныс тігілген болуы, ал беттер немесе парақтар нөмірленіп, соңғы бет немесе парақ Екі кезеңдік ашық конкурсқа қатысушының қойылған қолымен және мөрімен (жеке адам үшін, егер ол бар болса) куәландырылуы тиіс.

Конкурстық ұсыныс салынған желімделген конверттің бет жағына Екі кезеңдік ашық конкурсқа қатысушы мыналарды:

1) Екі кезеңдік ашық конкурсқа қатысушының толық атауы мен пошталық мекенжайын;

2) сауда-саттықты ұйымдастырушының толық атауы мен пошталық мекенжайын;

3) Екі кезеңдік ашық конкурсқа қатысушының Конкурстық ұсынысы ұсынылатын, Екі кезеңдік ашық конкурсқа қатысу үшін Активтің атауын;

4) Сауда-саттық туралы хабарламаға сәйкес Конкурстық ұсыныстарды қабылдауды аяқтау күні мен уақыты көрсетілген «ДЕЙІН АШУҒА БОЛМАЙДЫ» деген жазбаны көрсетуі тиіс.

49. Конкурстық ұсынысында бөліп төлеу шарттары ескерілген Активті сатып алудың біршама жоғары бағасы ұсынылған Қатысушы Екі кезеңдік ашық конкурстың жеңімпазы болып танылады.

Конкурстық ұсыныстардың шартты бағалары тең болған жағдайда, Конкурстық ұсынысты бірінші берген Қатысушы Екі кезеңдік ашық конкурстың жеңімпазы болып танылады.

50. Егер Екі кезеңдік ашық конкурсқа қатысу үшін берілген өтініштерді қарау қорытындылары бойынша көрсетілген конкурстың екінші кезеңіне қатысуға тек бір тұлғаға рұқсат берілсе, онда Екі кезеңдік ашық конкурс өткізілмеді деп танылады. Мұндай жағдайда тиісті Актив оның Сауда-саттыққа қатысуға берген өтінішінде, тиісті алдын ала ұсынысында, Сауда-саттық туралы хабарламада және Актив бойынша құжаттама пакетінде көзделгеннен нашар емес шарттармен мұндай тұлғаға Тікелей атаулы сату арқылы өткізілуі мүмкін. Бұл ретте Активті өткізу бағасы Екі кезеңдік ашық конкурсқа қатысу үшін берілген өтініште айтылған осы тұлғаның алдын ала ұсынысында көрсетілген бағадан аз болмауы тиіс.

51. Егер Екі кезеңдік ашық конкурсқа қатысуға берілген барлық өтініштерді қарау қорытындылары бойынша екінші кезеңге қатысуға бірде бір тұлғаға рұқсат берілмеген болса, онда мұндай Конкурс өткізілмеді деп танылады.

52. Екі кезеңдік ашық конкурсқа қатысушының жеке өзі немесе өзінің уәкілетті өкілдері арқылы Екі кезеңдік ашық конкурстың екінші кезеңіне қатысуға құқығы бар.

53. Өткізілетін мерзімі, орны, уақыты және Конкурстық ұсыныстар беру тәсілі көрсетілген Екі кезеңдік ашық конкурстың екінші кезеңі туралы хабарлама Екі кезеңдік ашық конкурсқа қатысушыларға оны алғаны туралы хабарламамен бірге тапсырысты пошта арқылы жіберіледі, сондай-ақ электрондық пошта немесе факсимильді байланыс арқылы қайталанады.

54. Екі кезеңдік ашық конкурстың әр қатысушысы бір ғана Конкурстық ұсыныс беруге құқылы.

55. Салалық компания (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қор (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) Қатысушының қаржылық, ұйымдық, басқарушылық және өзге де мүмкіндіктері сияқты Конкурстық ұсыныста көрсетілген немесе

Сауда-саттыққа қатысуға өтініштерді қарау кезінде алынған Қатысушылар туралы мәліметтерді ескере отырып, Конкурстық ұсыныстарды қарау қорытындылары бойынша Екі кезеңдік ашық конкурстың жеңімпазын анықтайды. Бұл ретте, Конкурстық ұсыныс Екі кезеңдік ашық конкурстың екінші кезеңі туралы тиісті хабарламада бекітілген өлшемшарттарға сәйкес келуі тиіс.

56. Конкурстық ұсыныстарды бағалау өлшемшарттарына сәйкес ең төменгі талаптарға сай келмейтін конкурстық ұсыныстар қабылданбауы тиіс, ол туралы Екі кезеңдік ашық конкурстың қорытындылары туралы хаттамада тиісті жазба жазылады. Егер нәтижесінде 2-ден аз қабылданған Конкурстық ұсыныс қалса, Екі кезеңдік ашық конкурс өткізілмеді деп танылады.

57. Салалық компанияның (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қордың (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) шешімі Ашық конкурстың қорытындыларын шығарған күні Екі кезеңдік ашық конкурстың қорытындылары туралы хаттамамен ресімделеді.

58. Жеңімпаз болып танылған және Шарт жасасқан Сауда-саттыққа қатысушының кепіл жарнасы тиісті Шарт бойынша Сатып алушының ақшалай міндеттемелерін орындауы ретінде есептеледі.

Компания Сауда-саттықтың талаптарында көзделген жағдайларда Қамтамасыз ету ретінде енгізілген кепіл жарнаны қайтармайды.

59. Екі кезеңдік ашық конкурсқа қатысуға өтініштер болмаған немесе Жеңімпаздың болмауы туралы Салалық компания (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қор (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) шешім қабылдаған жағдайда, осындай шешімде көрсетілген мерзім ішінде жаңа Екі кезеңдік ашық конкурс өткізіледі. Салалық компанияның (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қордың (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) шешімі бойынша Екі кезеңдік ашық конкурс өткізу кезінде Активті өткізу шарттары және Конкурстық өтінімдер мен Конкурстық ұсыныстарды бағалау өлшемшарттары өзгертілуі мүмкін.

5-тарау. Тікелей атаулы сату

60. Қордың Активтерін (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) тікелей атаулы сату Қордың Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады, онда Тікелей атаулы сату нысанында Активті өткізуге Тәуелсіз консультанттың ұсынымы берілген Активтерге қатысты осындай өткізу тәсілі анықталады. Салалық компаниялардың Активтерін (Салалық компанияларға/Компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) тікелей атаулы сату Салалық компанияның Директорлар кеңесінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

61. Тікелей атаулы сату стратегиялық инвестор – қазақстандық немесе шетелдік заңды тұлғаға (олардың бірлестіктеріне) немесе мынадай өлшемшарттарға:

1) сатылатын Активтің қызметіне байланысты салада қызмет тәжірибесінің болуына;

2) активті басқаруға, жобаларды қаржыландыруға, сондай-ақ технологиялар трансферті, оның ішінде ашылмаған ақпаратты алу (өндіріс құпияларын (ноу-хау)) және біліктілігі жоғары мамандарды тарту арқылы оны дамытуға қатысу үшін акциялардың ірі пакеттерін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алуға жауап беретін жеке тұлғаға жүзеге асырылады.

62. Активті тікелей атаулы сату Шартты жасасу арқылы Ең төменгі бағадан кем емес бағаға жүзеге асырылуы мүмкін.

Тікелей атаулы сату нысанында өткізілетін Активтерді сатып алушылар ретінде айқындалатын жеке және заңды тұлғалар мынадай біліктілік талаптарына:

1) Шартты жасасу үшін жеке тұлғаның іс-әрекетке қабілеттілігінің және заңды тұлғаның азаматтық құқыққа қабілеттілігінің болуы;

2) тиісті Шарттың талаптарын орындау мүмкіндігінің болуы;

3) осы Қағидаларда және/немесе Салалық компанияның немесе Қордың шешімімен анықталған басқа да талаптарға сәйкес келуі тиіс.

3-бөлім. Қорытынды рәсімдер

1-тарау. Шарт жасасу рәсімі

63. Шарт жасасқанға дейін Салалық компания (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қор (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) осы Қағидаларда көзделген Активтерді өткізу тәртібі мен рәсімдерінің сақталуын тексеруді Бірыңғай оператор жүргізу үшін қажетті мәліметтер мен құжаттардың көшірмелерін жібереді.

Шартты Активтің меншік иесі Сауда-саттықтың нәтижелері туралы хаттама немесе Тікелей атаулы сату нысанында Активті өткізу талаптары туралы Салалық компанияның немесе Қордың шешімі негізіндегі мерзімде және жазбаша нысанда (Бірыңғай оператор келіскеннен кейін) жасасады.

64. Шартты жасасқанға дейін Салалық компания (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қор (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) Компания атынан осы Қағидалардың 1-тармағының 5) тармақшасына және 5-тармағының 8) тармақшасына сәйкес алынбаған, Активті иеліктен шығару үшін қажетті рұқсатты және келісімді алады. Салалық компанияның немесе Қордың шешімі бойынша Шартқа қол қою мерзімі қажетті рұқсаттар мен келісімдер алу үшін, оның ішінде шарттың, заңнаманың немесе өзге де міндетті

актінің негізінде үшінші тұлғалардың немесе мемлекеттің басым немесе басымдықты құқығы болуы себепті қажетті кезеңге ұзартылады.

65. Шарттың талаптарында мыналар:

1) Екі кезеңдік ашық конкурс немесе Тікелей атаулы сату бойынша Сатып алушы міндеттенген ерекше талаптар;

2) өткізілетін Активті осындай тұлғаның сатып алуы үшін қажетті, құрылтай құжаттарында және қолданыстағы заңнамада көзделген Сатып алушының барлық қажетті корпоративтік шешімдерін, оның ішінде ірі мәмілені немесе жасауда мүддесі бар (егер ол қолданылса) мәмілелерді мақұлдау туралы және/немесе жасау туралы шешімді алу қажеттілігі;

3) Сатып алушының тарату үдерісінде немесе банкроттыққа байланысты қандай да бір үдерісте тұрмағанын растайтын құжаттар мен кепілдіктерді Сатып алушының беруі;

4) қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда Шартты тіркеу бойынша тараптардың міндеттемелері;

5) адекватты, Шарттың мәніне сәйкес келетін, қолданылатын санкциялар;

6) Шарттың ерекше талаптарының орындалуын бақылау және оның күшін жою талаптары көзделуі тиіс.

66. Шарт талаптарының тиісті дәрежеде орындалуын бақылауды Салалық компания (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қор (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) және Бірыңғай оператор жүзеге асырады. Шарт талаптарының тиісті дәрежеде орындалуын бақылау Сатып алушы міндеттемелерін орындауды толық аяқтаған сәтке дейін жүргізіледі.

67. Бақылауды жүзеге асыру үшін Компания Шарттың орындалуына, оның ішінде өз күшін тоқтатуына байланысты барлық құжаттардың көшірмелерін Салалық компанияға (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қорға (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) және Бірыңғай операторға беруді қамтамасыз етеді. Салалық компания (Салалық компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) немесе Қор (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) және Бірыңғай оператор бақылауды жүзеге асыру үшін жұмысқа сарапшыларды тартуға, сондай-ақ бұл мақсаттар үшін консультациялық, аудиторлық және өзге де қызметтерді сатып алуға құқылы.

68. Осы тараудың ережелері Активтерді бағалы қағаздардың ұйымдасқан нарығында және/немесе бағалы қағаздардың халықаралық (шетелдік) нарығында өткізу жағдайына қолданылмайды.

2-тарау. Өзге де рәсімдер

69. Шарт бойынша есеп айырысулар Активті меншіктенуші (Салалық компания немесе Қор немесе Компания) және Сатып алушы арасында жүргізіледі.

70. Компания жалғыз акционері (қатысушысы) болып табылмайтын, өткізілмеген Активтерге қатысты одан әрі дамыту әрекеті жөніндегі шешімді Салалық компания комиссиясының (Салалық компанияларға/Компанияларға тиесілі Активтерге қатысты) және Жобалау офисінің (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) ұсыныстарын ескере отырып, Активтің меншік иесі қабылдайды.

71. Егер Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік юрисдикцияларда тіркелген Активке деген сұраныс жоқ болса, осындай сатуды Қазақстан Республикасында өткізу орынсыз болғандықтан, мұндай Актив Салалық компанияның/Компанияның (Салалық компанияларға/Компанияларға тиесілі Активтерге қатысты), Қордың (Қорға тікелей тиесілі Активтерге қатысты) шешімі бойынша қолданылатын шетелдік заңнама негізінде тиісті шет мемлекеттің аумағында өткізілуі мүмкін.

72. Осы Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейін басталған (жарияланған) Активтерді өткізу рәсімдері Активтерді өткізу рәсімдерін жүзеге асыру туралы шешім қабылданған күні қолданылған тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

3-тарау. Қағидалардың нормаларын бұзғаны үшін жауапкершілік

73. Осы Қағидаларды Салалық компаниялардың басшылары, Салалық компанияның, Жобалау офисінің, Салалық компания комиссиясының өкілетті органдары мүшелері және Активтерді өткізу, қайта құрылымдау үшін жауапты өзге де тұлғалардың бұзуы оларды Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген жауапкершілікке тартады.

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамына меншік құқығында тиесілі ұйымдардың активтерді өткізудің, қайта құрылымдаудың бірыңғай қағидаларына қосымша

ӨТІНІШ

Осымен _____ (бұдан әрі (бірлесіп) – «Өтініш беруші») өзінің _____

(сауда-саттық туралы хабарламаға сәйкес өткізілетін активтің немесе объектінің толық атауы және орналасқан жері) өткізу жөніндегі (бұдан әрі – «Сауда-саттық») _____ қатысу

(сауда-саттық тәсілін көрсету)

ниеті туралы мәлімдейді.

1. _____ жарияланған Сауда-саттық туралы хабарламаны қарап және «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік құқығында тиесілі ұйымдардың активтерді өткізудің, қайта құрылымдаудың бірыңғай қағидаларымен (бұдан әрі – Қағидалар) танысып, _____

(жеке тұлғалардың аты-жөні немесе заңды тұлғалардың атауы және басшыларды немесе олардың сенімхат негізінде жұмыс істейтін уәкілетті өкілдерінің аты-жөні)

20 __ жылғы «__» _____ мекенжайы
(егер Сауда-саттық электрондық тәсілмен өткізілмесе,
Сауда-саттық өткізілетін мекенжайды көрсету)

бойынша өткізілетін Сауда-саттыққа қатысуға ниет білдіреді.

2. Өтініш беруші Сауда-саттыққа қатысу үшін _____
(бұдан әрі – «Компания»)

(актив меншіктенушісінің атауы көрсетіледі)

шотына _____ (_____) теңге сомасында
(цифрмен) (сомасы жазумен)

кепілдік жарна енгізеді.

Шоттың деректемелері _____

төлемді тағайындау коды _____
 мекеменің коды _____
 төлем құжатының № _____,
 Төлем құжаты берілген күн _____,

3. Өтініш беруші осымен Қағидалардың тиісті тармағында көрсетілген тұлғаның Сауда-саттығына қатысушы ретінде тіркелуге жатпайтыны туралы өзінің хабардарлығын растайды.

4. Өтініш беруші осымен Өтініш берушінің Сауда-саттыққа қатысушыға қойылатын талаптарға сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда, Өтініш берушінің Сауда-саттыққа қатысу құқығынан айырылатынымен және Өтініш беруші (немесе оның атынан) қол қойған Сауда-саттықтың нәтижелері туралы хаттама мен тиісті сатып алу-сату шартының жарамсыздығын мойындайтынымен толығымен әрі сөзсіз келісетінін білдіреді.

5. Сауда-саттықтың жеңімпазы деп анықталған жағдайда, Өтініш беруші өзіне, егер Қағидаларда немесе Сауда-саттық туралы хабарламада өзге мерзім көрсетілмесе, Сауда-саттықтың нәтижелері туралы хаттамаға ол өткізілген күні қол қою және Сауда-саттық барысында анықталған талаптармен Сауда-саттықтың нәтижелері туралы хаттамада көзделген мерзімнің ішінде және таратылған шарт жобасына және Өтініш берушінің (конкурсқа қатысқан жағдайда) конкурстық ұсынысына немесе конкурстық өтініміне сәйкес Өтініш беруші ұсынған немесе Өтініш беруші (тікелей немесе уәкілетті өкіл арқылы) Сауда-саттықтың өткізілуі шеңберінде келісім білдірген баға бойынша және талаптармен өткізілетін активке қатысты сатып алу-сату шартына қол қою міндеттемесін қабылдайды.

6. Өтініш беруші осымен Өтініш беруші енгізген кепіл жарнасының сомасы мына жағдайларда:

1) Сауда-саттыққа қатысуға өтініштерді беру мерзімі аяқталған күннен кейін Сауда-саттыққа қатысудан бас тартқан;

2) Қағидаларда көзделгендей, Қағидаларды бұзған жағдайда немесе Сауда-саттықты өткізу тәртібі мен талаптарын бұзуға, Сауда-саттықты өткізуге бөгет немесе кедергі жасауға байланысты, құжатпен бекітілген негіздемелер бар жағдайда, Қордың немесе Салалық компанияның, Компанияның шешімі бойынша;

3) белгіленген мерзімде конкурстық ұсыныстарды немесе конкурстық өтінімдерді ұсынбаған жағдайда;

4) егер Өтініш беруші берген конкурстық ұсыныстың немесе конкурстық өтінімнің талаптары Активті өткізу конкурсы шеңберінде Қағидалардың ережелеріне сәйкес жіберілетін ұсыныстардың Сауда-саттық туралы хабарламада көрсетілген бағалау өлшемдеріне сай ең төменгі талаптарға көрінеу сәйкес келмесе;

5) Сауда-саттықтың қорытындылары туралы хаттамаға қол қоюдан не сатып алу-сату шарттарына қол қоюдан бас тарту жағдайында;

6) сатып алу-сату шарты бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісті дәрежеде орындамаған жағдайда қайтарылмайтынымен және Компанияда қалатындығымен толық әрі сөзсіз келісетінін білдіреді.

7. Өтініш беруші Сауда-саттықтың екінші кезеңіне Өтініш берушіге рұқсат беруден бас тартылған жағдайда Активтік меншік иесі Сауда-саттықтың екінші кезеңіне рұқсат беруден бас тартылатыны туралы ресми хатты алған сәттен бастап Өтініш берушінің шотына 3 (үш) жұмыс күні ішінде қамтамасыз ету сомасын қайтаратынын растайды.

8. Осы өтініш Қағидаларда және _____ жарияланған _____ Сауда-саттық өткізу туралы хабарламада (_____ жылы Өтініш берушіге жіберілген) айтылған талаптармен Сауда-саттыққа қатысуға Өтініш берушінің толық әрі сөзсіз келісімін білдіру нысаны болып табылады.

9. Осымен Өтініш беруші Өтініш берушіге қатысты қандай да бір тарату туралы шешімнің, банкрот деп тану және/немесе банкроттық рәсімдерінің немесе өзге де осындай рәсімдердің басталуы туралы сот шешімінің жоқ екендігін, заңнамада белгіленген тәртіппен өтініш берушінің қызметін тоқтату туралы шешімнің жоқ екендігі туралы растайды.

10. Осы өтініш сауда-саттықтың қорытындылары туралы хаттамамен бірге сатып алу-сату шартын жасасқанға дейін қолданылатын шарттың күшіне ие.

Заңды тұлға үшін:

Атауы _____

БСН _____

Басшының аты-жөні _____

Мекенжайы: _____

Телефон (факс) нөмірі: _____

Банктік деректемелері _____

ЖСК _____

БСК _____

Банктің атауы _____

Кбе _____

Өтінімге қоса беріледі:

1) _____

2) _____

Жеке тұлға үшін:

Аты-жөні _____

ЖСН _____

Төлқұжат деректері _____

Мекенжайы: _____

Телефон (факс) нөмірі: _____

Банктік деректемелері: _____

ЖСК _____

БСК _____

Банктің атауы _____

Кбе _____

Өтінімге қоса беріледі:

1) _____

2) _____

3) _____

(қолы) (жеке тұлғаның аты-жөні немесе заңды тұлғаның атауы және
басшының немесе сенімхат негізінде әрекет жасайтын заңды
тұлғаның уәкілетті өкілінің аты-жөні)

20 __ ж. «__» _____

М.О.

Қабылданды 20 __ ж. «__» _____ сағат _____ мин.

(қолы)

(өтінімді қабылдаған адамның аты-жөні)